

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы

«Балдырған» ортаңғы топ Қазан айы (3-апта)

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Тақырыпша «Біз батыл және ептіміз»

Апта күні :18.10-22.10.21ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кенес беру.				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	Саусақтар ойыны «Жаңғақтар»	«Не қайда жатыр?»	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын»	Суретпен әңгіме: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Қуыршақты оятпа» Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту.
Танертеңгі гимнастика (5 мин)	№1-ші танертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Қызықты лото»	Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жинау»	«Сикырлы суреттер»	«Ойыншықты тап»	«Мозайка»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1.Музыка Тақырыбы:«Жемістер бағында» 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» (әңгіме жүргізу) 3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Менің бауырларым</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлең</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді жұлдызқұртқа қонаққа барамыз» (таза ауада) 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Оң жақ-сол жақ»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақ Серік қонаққа келді» 1.Музыка Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Сурет салу Тақырыбы: «Өпкеме арналған сыйлық»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сыйлық толы жәшік» 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>№11 Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы</p>	<p>№12 Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға</p>	<p>№13Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам,</p>	<p>№14 Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш</p>	<p>№15 Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жекежұмыс Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзыШуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын:</p>

	<p>жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол</p>	<p>тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса-табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп» Ойын барысы: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп</p>	<p>Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Қаздар мен бақташы». Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар</p>	<p>түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер», Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне</p>	<p>«Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанатын. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қуаласпақ. • Тығылыспақ. <p>Тренинг: «Киіз үй».</p>
--	--	--	---	--	--

	<p>ортада отырады. Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:</p> <p>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Энекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан ортаға отырады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.</p>	<p>дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет). Ойнаушылар тақтайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жарысу. 2. Төбешікке секіру. 	<p>қалайда !</p> <p>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Тренинг: «Қаздар болып ұшайық».</p>	<p>бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.</p> <p>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.</p> <p>Тренинг: «Қолшатыр».</p>	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдау	Ұйқы ашар жаттығу №2 картатека	Ұйқы ашар жаттығу №3 картатека	Аудио ертегілер тыңдау	Ертегі оқып беру
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет	Сюж/роль ойын. «Балалар әлемі дүкені» рольдік өзара сыпайлық таныта әңгімелесу, ойыншықтар-ға қамқор болуға үйрету.	Сюж/роль ойын: «Кұрлысшылар» ер балалармен құрлыс материалдарымен құрлыстар құрастыру.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу: «Күз»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Сюж/роль ойын. «Балалар әлемі дүкені» рольдік өзара сыпайлық таныта әңгімелесу, ойыншықтар-ға қамқор болуға үйрету.	«Менің достарым» сюжет\ рольдік ойын Мақсаты: балаларды ауыз екі тілде өз беттерімен әңгімелесіп сөйлеуге диалог түрін пайдалануға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дидактикалық ойын «Рет-ретімен ата» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Ағаштар туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын «Қорапша» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Әңгіме құрастыру «Менің бөлмем» Мақсаты: баланың сөздік қорын дамыту, достарының аттарын жатқа айту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз келді» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу				
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес: «Балаларға таңертенгі жаттығу маңызды екенін айту».				

